

Ермухаметова С.Р.-ҚазҰУ-н
заң факультетінің азаматтық құқық
және азаматтық іс жүргізу,
еңбек құқығы кафедрасының доценті

Инновациялық қызметтің бүгінгі мен ертеңі: құқықтық реттеу

Қоғам экономика, адамзат қажеттілігі, жаңа үрдіс бір-бірімен тығыз байланыста. Осыған байланысты қазіргі таңда Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссия қазақстандық ғылымның жаңа басым бағыттарын бекітті. Ең өзекті жоба бағдарламалық-мақсатты және грантты қаржыландыруға бекітілді. Оларды жүзеге асыру келесі жылдан бастап конкурстық негізде жүргізілетін болады. Республикада инновациялық қызметті жүйелі қолдау үшін қажетті заңнамалық негіз бен институционалдық база бар. Инновациялық бағдарламаларды қаржыландыру инновацияның жүзеге асырылуының ең тегізгі құралы.

Инновация үшін қолдаудың қаржылық құралдары кеңейтіліп, жаңа салықтық жеңілдіктер мен жоғары технология саласында шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту үшін жеңілдіктер енгізілген. Инновациялық қызметті реттейтін құқықтық нормалардың жүйесі кешенді және көп аспектілі сипатқа ие. Инновациялық қызметті құқықтық реттеу жүйесіне интеллектуальдық меншік туралы, ғылым туралы инвестициялық заңнамалар, Ғылыми және ғылыми-техникалық саясатының тұжырымдамасынан тұрады.

Инновациялық заңнамалардың ерекшеліктерін ескере отырып, нормативтік құқықтық актілерде бар нормалар-дефиницияларды саралауымыз қажет. Дефиниция- түсінікті анықтау, түсінікті оның белгілері арқылы анықтау. Бұл жерде инновацияның түсінігі мен мазмұны, инновациялық қызмет субъектілері, инновациялық қызметті реттейтін органдардың уәкілеттілігі туралы болып отыр.

Инновациялық қызмет - нәтижелері экономикалық өсу мен бәсекелестік қабілеттілігі үшін пайдаланылатын, өндірістің және қоғамды басқарудың әртүрлі салаларына жаңа идеяларды, ғылыми білімдерді, технологиялар мен өнім түрлерін енгізуге бағытталған қызмет[1].

Инновациялық қызметтегі қалыптастыру және жүзеге асыру оны азаматтық айналымға енгізу дегенді білдірсе, новация (жаңа) және оның негізінде жаңа өнім түріндегі тәжірибеде нәтиже алу, өндірістің жаңа тәсілі, яғни жаңа технология, сонымен қатар ұйымдастырушылық, өндірістік техникалық, әлеуметтік- экономикалық сипаттағы тәжірибеде жүзеге асырылған шешімдер және ол шешімдер нәтижелері экономикалық өсу мен бәсекелестік қабілеттілігі үшін әсер ететін шешімдер ретінде қарастырылады.

Инновациялық саясат концепциясына сәйкес «инновация- тәжірибелік қызметте қолданылатын технологиялық үрдістің жаңа немесе жетілдірілген

рынокта таратылатын өнімнің жаңа немесе жетілдірілген инновациялық қызметтің соңғы нәтижесі».

Ғылыми және ғылыми-техникалық саясатының тұжырымдамасынан инновациялық қызмет - аяқталған ғылыми зерттеулер мен әзірлемелердің, не өзге ғылыми-техникалық жетістіктердің нәтижелерін рынокта сатылатын жаңа немесе жетілдірілген өнімде, практикалық қызметте пайдаланылатын жаңа технологиялық процесс екендігін аңғарамыз.

Қазіргі кезде инновациялық қызметті құқықтық реттеуге байланысты ауқымды қадамдар жасалғанымен заңдағы ақтаңдақтардың барлығы жасырын емес. Атап айтқанда инновациялық қызмет субъектілері және олардың құқықтық жағдайына қатысты сұрақтар, инновациялық қызметті реттейтін органдардың уәкілеттілігі, мемлекеттік қолдау механизмдері.

Инновациялық қызметті мемлекеттік реттеудің негізгі бағыттарының бірі оны бюджеттік қаржыландыру. Жыл сайын бекітілетін бюджет мақсатты ғылыми және инновациялық бағдарламалар мен шараларды қаржыландыруды тиісті жылға бекітеді. Бірақ бюджеттік жоспарлау қысқа мерзімге жоспарланумен байланысты қиыншылықтар бар. Инновациялық жүйенің инфрақұрылымын құрайтын ұйымдарды дамытудың қиыншылығы олардың мүмкіншілігіне қарағанда қысқа мерзімге қаржыландыру болуы.

Инновациялық үрдістің қатысушыларының бірі ғылыми білім беру ұйымдары және олар мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысаны бойынша ұйымдастырылуы. Заңға сәйкес мемлекеттік мекеме–басқарушылық, әлеуметтік-мәдени немесе коммерциялық емес сипаттағы өзге де функцияларды жүзеге асыру үшін мемлекет құрған және қаржыландырудың қосымша көздері Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленбесе, тек қана бюджет немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджеті (шығыстар сметасы) есебінен қамтылатын коммерциялық емес ұйым. Жеке мекемелерде интеллектуальдық меншік объектілерін жарғылық капиталға салым ретінде салады.

Жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға, Ұлттық әл-ауқат қоры тобына кіретін ұйымдарға, мемлекеттік тапсырманы орындауға бюджет қаражатын бөлу осы заңды тұлғалардың жарғылық капиталы ұлғайтылмай жүзеге асырылады.

Ғылыми қызмет және ғылыми-техникалық қызмет инновациялық үрдістің сатысы және олардың «материалдық» жиынтығы инновациялық қызметтің циклы ретінде қарастырылады.

Инновациялық қызметте дербестік, тәуекел және пайда табуға бағытталғандық белгілері болады. Бірақ пайда табу инновацияның соңғы өнімін жүзеге асыру және осы өнімнің сапасымен анықталады. Алғашқы сатысында пайда табу мүмкін емес. Инновациялық қызмет өндірістің тиімділігін көтеру арқылы қосымша пайда табуға бағытталған және бәсекелестікте басымдылық алуға бағытталғандық. Сондықтан бұл кәсіпкерлік ретінде қарастырылады.

Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің нәтижесі – ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті орындау барысында

алынған және кез келген ақпарат жеткізгіште тіркелген жаңа білім немесе шешімдер, ғылыми әзірлемелер мен технологияларды өндіріске енгізу, сондай-ақ жаңа бұйымдардың, материалдар мен заттардың модельдері, макеттері, үлгілері [2].

Яғни, инновациялық қызмет нәтижесі ғылыми-техникалық өнім, яғни жаңалықтар, гипотезалар, теориялар, моделдер-фундаментальды зерттеулер өнімі, өнертабыс, ғылыми және конструкторлық өңдеулер, жобалар, жаңа техниканың тәжірибелік үлгілері, информатика өнімдері.

Жаңаның екі негізгі деңгейі қарастырылады:

- тауардың жаңа түрі;
- рынокта белгілі тауардың жаңа компоненттерін енгізу.

Интеллектуальдық меншікті қорғаудың негізгі үш үлгісі бар:

- патент;
- авторлық құқық;
- тауар белгісі.

Интеллектуальдық меншікке ноу-хауда жатады. Ноу-хау-өндірістің түрін ұйымдастыру үшін қажетті техникалық, коммерциялық және өзге де білімдердің жиынтығы. Ноу-хауды қорғау заңнамалармен реттелмейді.

Инновациялық қызмет субъектілері ғылыми-техникалық аясында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлер. Олар өнертапқыштар, құрастырушылар, технологтар және жаңаны өңдейтін және тарататын өзге де творчество иелері. Ғылыми-техникалық өңдеулер азаматтармен жасалады, бірақ инновациялық қызметтің алдыңғы қатарлы субъектілері меншік нысанына қарамастан ғылыми-зерттеу және жобалау-конструкторлық ұйымдары, экономиканың әртүрлі саласындағы кәсіпорындар мен ұйымдар, жоғары оқу орындары. Инновациялық қызметтің ұйымдық-құқықтық нысандары шаруашылық серіктестіктер, мемлекеттік кәсіпорындар және мекемелер. Инновациялық қызмет үрдісіндегі орындалатын функцияларына байланысты субъектілер өңдеушілер (орындаушылар), тапсырыс берушілер жаңа өнімді өндірушілер, инновациялық өнімді тұтынушылар ретінде қатысады.

Инновациялық ұйымдарға қолданбалы және іргелі зерттеулерді жүргізетін ғылыми-зерттеу ұйымдары және зерттеу орталықтары; конструкторлық өңдеулер және жобаларды жүргізетін жобалау-конструкторлық ұйымдары және мамандандырылған конструкторлық бюролар; тауарларды өндірудің технологиялық жүйесін өңдейтін және дайындайтын жобалау-технологиялық ұйымдары; ҒЗТКЖ нәтижелерін іске асыруға мамандандырылған инновациялық кәсіпорындар жатады.

Инновацияларды құру және таратудың құқықтық нысаны-инновациялық қызмет субъектілері арасындағы өзара байланыстылықты қамтамасыз ететін әртүрлі шарттар. Қолданбалы және іргелі зерттеулер сатысында жобалау және іздестіру, тәжірибе-конструкторлық және технологиялық жұмыстарына мердігерлік шарттарының маңызы зор.

Сонымен қатар инновациялық қызметте лицензиялық келісімдер қолданылады. Лицензиялық келісімдер берілетін құқықтардың көлеміне

қарай айрықша және айрықша емес болуы мүмкін. Инновациялық қызметте сонымен қатар ғылыми-техникалық құжаттарды беруге байланысты шарттар, ноу-хауды беру туралы шарттар, коммерциялық концессия шарты, инвестициялық шарттар, маркетингтік қызмет көрсету туралы шарттар да болуы мүмкін.

Инновациялық қызметті қаржыландырудың негізгі қайнар көзі ұйымның жеке қаражаттары. Сонымен қатар-бюджеттік инвестициялар, бюджеттен тыс қорлардан алынатын қаражаттар болуы да мүмкін. Инновациялық қызметті қаржыландыруда халықаралық ұйымдардың қаражаттары да пайдаланылуы мүмкін.

Инновациялық ұйымдар жүзеге асырылатын инновациялық қызметінің көлеміне қарай шағын, орта, ірі болуы мүмкін. Бірақ инновациялық қызметтің нәтижесі шағын фирмаларда қалыпты жүзеге асырлады, себебі шағын фирмалар жаңа құрылғыларды, өнімді шығару арқылы бәсекеқабілеттігін ұстап тұра алады.

Қазіргі кездегі заңнамалардағы кемшілік инновациялық қызметтің субъектілерін қолдау механизмі қарастырылмаған. Құқықтарды жүзеге асыру механизмі дегеніміз құқықтар мен еркіндікті жүзеге асыруға жағдайлар жасауға мүмкіндік беретін шаралар екендігін ескерсек, қазіргі кезде бұл шараларды бекіту қажеттілігі айқын көрінуде.

Инновациялық қызмет субъектілері негізгі екі топқа топтастырылуы мүмкін: инновациялық қызметті тікелей жүзеге асыратын субъектілер және инновациялық қызметті жүзеге асыруды қамтамасыз ететін субъектілер. Ендеше осы субъектілерді қолдау механизмі заңды түрде бекітілуі инновациялық қызметті жүзеге асыруға серпіліс береді.

Жалпы инновациялық қызмет әлі де көптеген сұрақтардың құқықтық реттелуін қажет етеді және бұл инновациялық қызметті дамыту мемлекеттің ертеңгі келешегінің, жарқын болашағының кепілі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» 2012 жылғы 9 қаңтардағы Заңы.
2. Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» 18 ақпан 2011ж. Заңы.

Резюме

Данная статья рассматривает вопросы правового регулирования инновационной деятельности. Автором предлагается разработать механизмы поддержки субъектов инновационной деятельности.

Resume

This article is dedicated issues of legal regulation of innovative activity. The author suggests creating mechanisms of support of innovative activity subjects.